


## Пайдалану нұсқаулары

FULL HD LCD дисплейі **Бизнес қолданысқа арналған**

Үлгі нөм. **TH-55LFV70W**



Толық нұсқаулар үшін CD-ROM ішіндегі пайдалану нұсқауларын көріңіз.

- Маңызды қауіпсіздік ескертпесі..... 2
- Қауіпсіздік шаралары ..... 3
- Аксессуарлар ..... 6
- Қамтамасыз етілген аксессуарлар..... 6
- Қашықтан басқару құрылғысының батареялары.. 6
- VESA орнату ..... 7
- Орнату немесе жылжыту кезіндегі ескертулер..... 7
- Бірнеше дисплейді орнату кезіндегі сақтық шарасы..... 8
- Төбеге асылған модуль ..... 9
- Кенсингтон қауіпсіздігі ..... 9
- Байланыстар ..... 10
- АТ сым байланысы және кабельдер бекітпесі .... 10
- Видео жабдығының байланысы ..... 11
- Қуат қосуды/өшірулі ..... 12
- Негізгі бақылау құралдары ..... 14
- Техникалық сипаттамалар..... 17

**Қазақша**

Осы өнімді қосу, пайдалану немесе реттеу алдында осы нұсқауларды толығымен оқыңыз. Осы нұсқаулықты болашақта анықтама алу үшін сақтаңыз.

**EAC**

**НЭТИ**

# Маңызды қауіпсіздік ескертпесі

## АБАЙЛАҢЫЗ

- 1) Өрт немесе ток соғуға әкеп соғуы мүмкін зақымдардан аулақ болу үшін, аппаратты су тамуынан не шашырауынан сақтаңыз.  
Су толтырылған (гүл вазасы, кесе, косметика және т.б.) ыдыстарды құрылғы үстіне қоймаңыз.  
(Бұл - құрылғы үстіндегі сөрелерге де қатысты және т.с.с.)  
**Жағылған шырағдан сияқты ашық от көзі құрылғыға немесе үстіне қойылмау керек.**
- 2) Электр соққысын болдырмау үшін қақпағын ашпаңыз. Құрылғы ішіндегі бөлшектерді пайдаланушы жөндей алмайды. Білікті қызмет көрсету мамандарының көмегіне жүгініңіз.
- 3) Электр штепселіндегі жер істігін алып тастамаңыз. Бұл аппарат үш істікті жерлік электр штепселімен жабдықталған. Бұл штепсель тек жерлік қуат көзіне сай келеді. Бұл - қауіпсіздік шарасы. Егер штепсельді ток көзіне қоса алмасаңыз, электр маманын шақырыңыз.  
Жерлік штепсель қызметіне күмән тудырмаңыз.
- 4) ТТок соғуға жол бермес үшін айнымалы ток шнурының штепселіндегі жерлік істік берік жалғанғанына көз жеткізіңіз.

## ЕСКЕРТУ

Бұл аппарат электромагниттік өрістерден салыстырмалы түрде бос аумақтарда қолданылуға арналған. Аппаратты күшті электромагниттік өрістер көзінің жанында немесе электр кедергілері кіріс сигналдарды басып жіберуі мүмкін жерде пайдалану кескін мен дыбыс діріліне немесе шу сияқты кедергілердің пайда болуына әкеп соғуы мүмкін.  
Аппараттың зақымдалуына жол бермес үшін, оны күшті электромагниттік өрістердің көздерінен алыс ұстаңыз.

Қорғау класы I

## Сауда белгісінің мағыналары

- VGA — Халықаралық Business Machines Corporation корпорациясының сауда белгісі.
  - Microsoft®, Windows®, Windows Vista®, және Internet Explorer® — Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі Microsoft Corporation корпорациясының сауда белгілері.
  - Macintosh, Mac, Mac OS, OS X және Safari — Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі Apple Inc. компаниясының тіркелген сауда белгілері.
  - SVGA, XGA, SXGA және UXGA — Video Electronics Standard Association қауымдастығының тіркелген сауда белгілері.
  - HDMI, the HDMI Logo және High-Definition Multimedia Interface — Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі HDMI Licensing LLC компаниясының тіркелген сауда белгілері.
  - RoomView, Crestron RoomView және Fusion RV — Electronics, Inc компаниясының тіркелген сауда белгілері, ал Crestron Connected — Crestron Electronics, Inc компаниясының сауда белгісі.
- Компания арқылы өнімнің сауда белгілері туралы басқа ешбір арнайы белгілеулер жасалмаса, осы сауда белгілері толығымен сақталады.

## ЕСКЕРТПЕ:

Қалдық кескін болуы мүмкін. Қозғалыссыз сурет ұзақ уақыт бойы көрсетілсе, кескін экранда қалып қоюы мүмкін. Бірақ, ол тез арада жойылады.

# Қауіпсіздік шаралары

## АБАЙЛАҢЫЗ

### ■ Орнату

**Осы СК дисплеймен тек төмендегі қосымша таңдаулы керек-жарақтар ғана қолданылуы тиіс.** Кез келген өзге қосымша керек-жарақтармен қолдану жарақаттануға апарып соғуы мүмкін.

(Төмендегі керек-жарақтардың барлығы - Panasonic Corporation өнімдері.)

- Кронштейн..... TY-VK55LV1, TY-VK55LV2
- Жақтау жинағы ..... TY-CF55VW50

Кез келген орнатуды тек білікті техникалық маман іске асыруы тиіс.

Кіші бөлшектерін байқаусыз жұтып қою, адам денсаулығын нашарлатуы мүмкін. Кішкентай бөлшектерді жас нәрестелерден аулақ ұстаңыз. Нәрестелер кішкентай бөлшектермен ойнап, денсаулықтарына ықтимал қауіп төндірмес үшін, қажетсіз бөлшектер мен басқа заттарды, соның ішінде қаптама материалдар және пластикалық пакеттер/парақтар лақтырып тастаңыз.

**Дисплейді қисық немесе орнықсыз жерге қоймаңыз және дисплейдің негізінің шетіне ілініп қалмағанына көз жеткізіңіз.**

- Дисплей құлап немесе аударылып қалуы мүмкін.

**Дисплейдің үстіне ешбір зат қоймаңыз.**

- Егер дисплей ішіне су немесе басқа да заттар кіріп кетсе, қысқа тұйықталу орын алуы мүмкін, ол өз кезегінде өртке немесе ток соғуға апарып соғуы ықтимал. Егер дисплейдің ішіне сырттан заттар кіріп кетсе, жергілікті Panasonic делдалына хабарласыңыз.

**Тек тік қалпында тасымалдаңыз!**

- Құрылғының дисплей тақтасының бетін жоғары немесе төмен қаратып тасымалдау ішкі электрлік тізбегіне зақым тигізуі мүмкін.

**Желдету жолдары газет, дастархан және перде сияқты заттармен кептеліп, желтедуге кедергі келтірмеуі тиіс.**

**Қажетті желдетілу үшін;**

**Үстінен, сол және оң жақтарынан 10 см не одан көп орын, артынан 5 см не одан көп орын және дисплей түбі мен еден бетінің арасынан біраз бос орын қалдырыңыз.**

**Қабырғаға орнату кезіндегі сақтық шаралары**

- Қабырғаға кәсіби техникалық маман орнатуы керек. Дисплейді дұрыс орнатпау салдарынан адам өліміне немесе ауыр жарақаттануға себеп болуы мүмкін. Анықталған қосымша керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
- Дисплейді тігінен орнатқан кезде қуат индикаторын дисплейдің төмен бөлігіне орнатыңыз.

**Төбеге ілу кезіндегі сақтық шаралары**

- Төбе ілгішін кәсіби техникалық маман орнату қажет. Дисплейді дұрыс орнатпау адам өліміне немесе ауыр жарақаттануға апаратын жағдайға әкелуі мүмкін.

**Өнімді күн сәулесі оған тікелей түсетін орынға орнатпаңыз.**

- Экранға күн сәулесі тікелей түссе, ол сұйық кристалды тақтаға жағымсыз әсер етуі мүмкін.

**Дисплейді қабырғаға бекіту кезінде бекіту бұрандалары мен қуат кабелінің металл нысандарға байланысын болдырмаңыз. Егер олар қабырға ішіндегі металл нысанға тисе, электр шоғы орын алуы мүмкін.**

**Егер қабырғадағы, төбедегі немесе негіздегі дисплей қолданысын тоқтатсаңыз, маманға дисплейді алып тастауын сұраңыз.**

### ■ СК дисплейді пайдалану барысында

Дисплей 220 - 240 В айнымалы ток, 50/60 Гц сипатты қуат көзінен жұмыс істеуге жасақталған.

**Желдету тесіктерін бекітпеңіз.**

- Олай ету дисплейді қыздырып жіберуі ықтимал, ол - өртке не дисплейдің зақымдалуына апарып соғуы мүмкін.

**Дисплейге ешбір бөтен затты тықпаңыз.**

- Желдету тесіктеріне ешбір металл немесе тұтанғыш заттарды кіргізбеңіз немесе дисплейге түсіріп алмаңыз, себебі, бұл өртке не ток соғуға апарып соғуы мүмкін.

**Жабынын алып тастамаңыз және ешқалай өзгертпеңіз.**

- Дисплей ішінде айтарлықтай ток соқтыруы ықтимал жоғары кернеу бар. Кез келген тексеріс, бейімдеу және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін, жергілікті Panasonic делдалына хабарласыңыз.

**Штепсель ашасының жеңіл қол жетімділігін тексеріңіз.**

**CLASS I құрылымды аппарат қауіпсіз жерлік жалғауы бар желілік розеткаға жалғануы керек.**

**Құрылғымен бірге берілген электр шнурынан басқасын пайдаланбаңыз.**

- Керісінше жағдайда өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

**Электр шнурының штепселін байқап барынша терең енгізіңіз.**

- Егер штепсель толығымен енбесе, жылу бөлініп, өртке апарып соғуы мүмкін. Егер штепсель немесе розетка зақымдалған болса, оларды пайдаланбау керек.

**Электр шнурының штепселін ылғал қолмен ұстамаңыз.**

- Керісінше жағдайда ток соғуы мүмкін.

**Электр шнурын зақымдауы мүмкін әрекеттер жасамаңыз. Электр шнурын ажыратқанда шнурдан емес, штепсельден ұстаңыз.**

- Шнурды зақымдамаңыз, ешқандай өзгертуге ұшыратпаңыз, үстіне ауыр заттар қоймаңыз, қыздырмаңыз, ыстық заттар жанына қоймаңыз, бұрамаңыз, шамадан тыс майыстырмаңыз және созбаңыз. Керісінше жағдайда өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін. Электр шнуры зақымдалған болса, жергілікті Panasonic делдалына жөндеттіріңіз.

**Егер дисплей алдағы ұзақ уақытқа қолданылмайтын болса, электр шнурының штепселін қабырға**

### ■ Пайдалану барысында ақау пайда болса

**Ақау пайда болса (кескін немесе дыбыстың жоғалып кетуі сияқты) немесе дисплейден түтін немесе иіс шыға бастаса, электр шнурының штепселін бірден қабырға розеткасынан ажыратыңыз.**

- Егер дисплейді осы күйінде пайдалануды жалғастырсаңыз, бұл өртке не ток соғуға алып келеді. Түтін шығуы тоқтағанына көз жеткізген соң, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті Panasonic делдалына хабарласыңыз. Дисплейді өз бетінше жөндеу аса қауіпті, сондықтан ешқашан оған бармаңыз.

**Егер дисплей ішіне су немесе бөтен заттар кіріп кетсе немесе дисплей құлап қалса әлде корпус зақымданса, электр шнурының штепселін бірден ажыратыңыз.**

- Қысқа тұйықталу орын алуы мүмкін, ол өз кезегінде өртке немесе ток соғуға апарып соғуы ықтимал. Қажетті жөндеу жұмыстарын іске асыру үшін жергілікті Panasonic делдалына хабарласыңыз.

## ЕСКЕРТУ

### ■ СК дисплейді пайдалану барысында

**Дисплейдің желдету тесіктеріне қолыңызды, бетіңізді немесе басқа заттарды жақындатпаңыз.**

- Дисплейдің жоғарғы жағынан ыстық ауа шығады. Қолыңызды, бетіңізді және жоғары температураға төзімсіз басқа да заттарды жақындатпаңыз, керіжағдайда күйіп қалуыңыз мүмкін немесе заттар зақымдалуы ықтимал.

**Дисплейді орнынан жылжытпас бұрын барлық кабельдерін ажыратыңыз.**

- Дисплей кейбір кабельдері қосулы кезде жылжытылса, кабельдерге зақым келуі мүмкін, ол өртке немесе ток соғуға апарып соғуы ықтимал.

**Кез келген тазалау жұмысының алдында қауіпсіздік шарасы ретінде қабырға розеткасынан электр шнурының штепселін ажыратыңыз.**

- Керісінше жағдайда ток соғуы мүмкін.

**Шаң басып қалмас үшін, электр шнурын жиі сүртіп тұрыңыз.**

- Егер электр шнурының штепселін шаң басып қалса, нәтижесінде пайда болған ылғал оқшаулауғышты зақымдап, өрт пайда болуы мүмкін. Электр шнурының штепселін қабырға розеткасынан ажыратып, электр шнурын құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

**Батареяларды жақпаңыз және зақымдамаңыз.**

- Батареялардың күн көзі, от және т.с.с. ыстықта қалуына жол бермеңіз.

## Тазалау және техникалық қызмет көрсету

**Дисплейдің алдыңғы жағында арнайы жабын бар. Панель бетін тек тазалағыш немесе жұмсақ, сызықтары жоқ шүберекпен абайлап сүртіңіз.**

- Егер панел беті тым кір болса, таза суда немесе бейтарап жуғыш зат 100 есе сұйылтылған суда ылғалдандырылған жұмсақ, сызықтары жоқ шүберекпен сүртіңіз, одан кейін дәл сондай дымқыл емес шүберекпен панель беті құрғағанша сүртіңіз.
- Панель бетін тырнақпен немесе басқа қатты заттармен тырнамаңыз және тигізіп алмаңыз, кері жағдайда оған зақым тиюі ықтимал. Сондай-ақ, жәндіктерге қарсы спрейлер мен еріткіштер сияқты күшті химиялық заттардан қорғаңыз, себебі олар панель бетіне зиян тигізуі ықтимал.

**Корпус кірлесе, оны жұмсақ әрі құрғақ шүберекпен сүртіңіз.**

- Егер корпус тым кірлеп кетсе, бейтарап жуғыш заттың аз мөлшері қосылған суда шүберекті ылғалдандырып, одан кейін құрғақ қылып сығып алыңыз. Корпусты осы шүберекпен сүртіп, құрғақ шүберекпен құрғатыңыз.
- Жуғыш заттардың дисплей бетіне тікелей тиюіне жол бермеңіз. Дисплей ішіне су тамшылары кіріп кетсе, оның қызметінде ақау пайда болуы мүмкін.
- Сондай-ақ, жәндіктерге қарсы спрейлер мен еріткіштер сияқты күшті химиялық заттардан қорғаңыз, себебі корпус сапасына зиян келуі не тіпті сыртқы жабыны түсіп қалуы мүмкін. Сондай-ақ, резина не пластмассадан жасалған заттармен ұзақ уақыт бірге тұруына жол бермеңіз.

**Химиялық шүберекті пайдалану**


- Панель бетіне химиялық шүберекті пайдаланбаңыз.
- Корпусқа пайдалану үшін химиялық шүберекті пайдалану жөніндегі нұсқауларды орындаңыз.

# Аксессуарлар


## Қамтамасыз етілген аксессуарлар

ішінде көрсетілген аксессуарлар мен элементтердің бар екендігін тексеріңіз

Пайдалану нұсқауының кітабы



CD-ROM (пайдалану нұсқауы)




Қашықтан басқарылатын таратқыш




N2QAYA000093

Қашықтан басқарылатын таратқыш үшін AAA батареялары



AAA X 2

АТ қуатының сымы




TZZ00000722A TZZ00000710A TZZ00000724A

Сыртқы IR ресивері



TZZ00001730A

Сым қысқышы x 3



TZZ00000694A

LAN кабелі (CAT5e)



TZZ00001774A




### Назар аударыңыз:

- Кішкентай бөліктерді тиісті әдіспен сақтап, оларды кішкентай балалардан алыс ұстаңыз.
- Элементтерді алғаннан кейін қуат көзі сымының қақпағын және орама материалдарын тиісті түрде алып тастаңыз.

## Қашықтан басқару құрылғысының батареялары

Екі AAA батареясы талап етіледі.

1. Ілмекті тартып ұстап, батарея қақпағын ашыңыз.
2. Батареяларды салыңыз - дұрыс полярлықты ескеріңіз (+ және -).
3. Қақпақты орнына қойыңыз.



### Анықтамалық кеңес:

Жиі қашықтан басқарылатын пайдаланушылар үшін ескі батареяларды ұзақ мерзімді сілтілі батареялармен ауыстырыңыз.

### Батарея қолданысындағы сақтық шара

Дұрыс емес орнату қашықтан басқарылатын таратқышты зақымдайтын батарея кемуіне және коррозияға себеп болуы мүмкін.

Батареяларды тастау қоршаған ортаны қорғау әдісімен орындалуы керек.


### Келесі сақтық шараларды қарастырыңыз:

1. Батареялар үнемі жұбымен ауыстырылуы керек. Ескі жиынды ауыстыру кезінде үнемі жаңа батареяларды пайдаланыңыз.
2. Пайдаланылған батареяны жаңа біреуімен біріктірмеңіз.
3. Батарея түрлерін араластырмаңыз (мысалы: "Сілтілі" "Цинк көміртегі")
4. Пайдаланылған батареяларды зарядтауға, қысқа тұйықтауға, бөлшектеуге немесе жағуға әрекет жасамаңыз.
5. Қашықтан басқару құралы жүйесі істеген кезде немесе дисплей жиынын пайдалануды тоқтатқан кезде батареяны ауыстыру қажет.
6. Батареяларды жақпаңыз немесе сындырмаңыз.
7. Батареялар күн сәулесі, от немесе соған ұқсас тым ыстыққа шығарылмауы керек.

# VESA орнату

Осы дисплейді қабырғаға орнату үшін стандартты қабырғаға орнату жиынтығын алуыңыз керек.


1. Экран бетін сырып алмау үшін осы дисплей қапталған кезінде оның айналасында оралған қорғаныш парағын экран бетінің астына жайыңыз.
2. Осы дисплейді орнату үшін барлық қосымшалардың бар екеніне көз жеткізіңіз (қабырға қондырғысы, төбе қондырғысы, т.б.).
3. Қабырғаға орнату жиынтығымен берілетін нұсқауларды орындаңыз. Тиісті орнату рәсімдерін орындамау жабдықтың зақымдалуына немесе пайдаланушы не орнатушы маманның жарақаттануына апарып соғуы мүмкін. Өнім кепілдігі қате орнатудың нәтижесіндегі зақымнан шығындарды өтемейді.
4. Қабырғаға орнату жиынтығы үшін М6 орнату бұрандаларын пайдаланыңыз (орнату ұстауышының қалыңдығынан 10 мм ұзынырақ) және оларды мықтап қатайтыңыз.




## Орнату немесе жылжыту кезіндегі ескертулер

Осы дисплейдің құлауына жол бермеу үшін:

- Дисплейді жылжыту кезінде тұтқалардан ұстаңыз.
- Тұтқалардан басқа бөлшектерге тимеңіз.
- Дисплейді жылжыту кезінде абайлап ұстаңыз және кемінде екі адаммен жылжытыңыз. Абайсыздықтан дисплейдің оңай сынуын есіңізде сақтаңыз.
- Мұны төбеге орнату үшін, осы дисплейді бөлек сатып алуға болатын металл кронштейнмен орнатқан жөн. Толығырақ орнату нұсқауларын тиісті кронштейнмен берілген нұсқаулықтан қараңыз.
- Жер сілкінісі немесе басқа да табиғи апат жағдайында дисплейдің құлауынан жарақат пен зақымдалу ықтималдылығын төмендету үшін орнату орнына арналған ұстауыш өндірушісімен кеңесіңіз.
- Дисплейді тасымалдау кезінде панель бетіне бұраушы күш қолданбаңыз.
- Тік орнату үшін дисплейді оңға бұрыңыз.



Қоректену көзі өшірілген күйде дисплейді бірнеше етіп орнатқан кезде, әрбір дисплейдің арасы 0,5 мм болатынын дайындаңыз.




### ЕСКЕРТПЕ:

- Бұрмаңыз және мұны сол жақ үшін қолданыңыз.

# Бірнеше дисплейді орнату кезіндегі сақтық шарасы


**Дисплейлер арасындағы саңылауларды бекемдеу**  
 Қуаты қосылғаннан кейін, дисплейлер қызып кеңейеді. Бірнеше дисплейлерді орнату кезінде, кеңейту себебінен дисплейлердің тиюіне жол бермеу үшін, сол жағынан, оң жағынан, үстінен және астынан 0,5 мм қалдырып бекіту керек.

Саңылау 0,5 мм-ден кем болса, қызып кеңею нәтижесін дисплейдің тозуы себебінен кескін ақаулығы орын алуы мүмкін.




A: Дисплейлер арасындағы саңылау (сәйкес түрде сол жағынан, оң жағынан, үстінен және астынан), 0,5 мм

**Дисплейдің бұрыштарын бір-біріне тигізбеңіз.**



**Дисплейлер артқы жағындағы кронштейндерге бекітіліп, орындары бапталғаннан кейін, тақта т.б. көмегімен алдыңғы тараптарының орындарын баптамаңыз.**

Бұл дисплейдің тозуы себебінен кескін ақаулығы орын алуы мүмкін.






## Төбеге асылған модуль

Бөлек сатып алуға болатын тартпалы бұрандалармен (M10) бекітіп, төбеге іліп қою және т.б. арқылы дисплейді жылжытуға болады.

Рымболтты бекіту күйлері




### Ескертпе:

- Ілу және орнату әрекеттерін білікті маман орындауы керек.
- Тек бір рымболтпен орнатпаңыз.
- Оны тек уақытша қозғалысты ілуге пайдаланыңыз.

## Кенсингтон қауіпсіздігі

### Кенсингтон қауіпсіздік саңылауы




### Ескертпе:


Бұл қауіпсіздік саңылауы Кенсингтон қауіпсіздік кабельдерімен үйлесімді.

# Байланыстар


## АТ сым байланысы және кабельдер бекітпесі



- АТ сымын дисплейге қосыңыз.
- АТ сымын орнына түскенше тығыңыз. АТ сымы сол және оң жақтарға құлыпталғанын тексеріңіз.



- АТ сымын ажырату үшін екі тұтқаны басып тартыңыз.




### ЕСКЕРТПЕ:

- АТ сымын ажырату кезінде розеткадағы АТ сымы тығыны ажыратылғанын тексеріңіз.

### Қысқышты пайдалану

Артық кабельдерді талап етілгені бойынша қысқышпен бекітіңіз.



**1 Қысқышты тіркеу**

саңылау

Қысқышты саңылауға салыңыз.

Құралдан алып тастау үшін:

тырс

1 Сақтау екеуін басу екі тырс

**2 Кабельдерді жинау**

Босату үшін:


ілімкер

Ұшын ілімкерге орнату ілімкер

тұтқа

1 Сақтау тұтқаны басу

# Видео жабдығының байланысы



## ①/② SERIAL IN, SERIAL OUT

SERIAL кіріс/шығыс терминалы дисплейді компьютерге қосу арқылы басқарады.

## ③/④ IR IN, IR OUT

Бірнеше дисплейді бір қашықтан басқару құралынан басқару үшін осы IN/OUT портынан басқа дисплейді қосыңыз.

Бірінші құралдан алынған инфрақызыл сигнал екінші құралға жіберіледі.

## ⑤ USB

USB сақтау құрылғысын қосыңыз.

## ⑥ HDMI IN

HDMI видео/аудио кірісі.

## ⑦ DisplayPort IN

DisplayPort видео кірісі.

## ⑧/⑨ DVI-D IN-1, DVI-D IN-2

DVI-D видео кірісі.

## ⑩/⑪ DIGITAL LINK, LAN IN OUT

DIGITAL LINK кіріс терминалы желісін дисплейді басқару құралына қосыңыз.

Болмаса, видео және аудио сигналдарды DIGITAL LINK терминалы арқылы жіберетін құрылғыға қосыңыз.

## ⑫ PC IN

ДК кіріс терминалы.

## ⑬ AUDIO IN 1 (DVI-D / PC)

DVI-D IN, PC IN портына қосылған құрылғының аудио шығысын қосыңыз.

## ⑭ COMPONENT/VIDEO IN

Құрамдас YPbPr көзін сыртқы AV құрылғысынан шығарыңыз.

CVBS кірісі үшін AV құрылғысының видео шығысының CVBS кабелін дисплейдің Y кірісіне қосыңыз (BNC-RCA адаптері қажет болғаннан кейін).

## ⑮ AUDIO IN 2

Аудио көзін сыртқы AV құрылғысынан шығарыңыз.

## ⑯ AUDIO OUT


AUDIO IN ұясынан сыртқы AV құрылғысына қосылған аудио көзін шығарыңыз.

## ⑰ EXT SP

Сыртқы динамиктер шығысы.

# Қуат қосуды/өшіруді


АТ сымды тығынын дисплейге қосу.



Тығынды қабырға розеткасына қосу.

Ескертпелер:

- АТ сымды ажырату кезінде розеткадағы АТ сымды тығынды ажыратылғанын тексеріңіз.
- Жиынды қосу үшін дисплейдегі Қуат қосқышын басыңыз: Қуатты қосу





POWER ON




STANDBY



1. Дисплейді өшіру үшін қашықтан басқару құралындағы **STANDBY**  түймесін басыңыз.  
**Қуат индикаторы: Қызыл (күту режимі)**

2. Дисплейді қосу үшін қашықтан басқару құралындағы **POWER ON**  түймесін басыңыз.  
**Қуат индикаторы: Жасыл**

3. Дисплей қосуды немесе күту режимінде болған кезде құралдағы  қосқышын басу арқылы дисплейді өшіріңіз.

Ескертпе:



- Қуат басқармасы функциясының жұмысы барысында қуат индикаторы қызғылт түсте жанады.







**Құралды бастапқы қосу кезінде**

Құрал бастапқы қосылуы кезінде келесі экран көрсетіледі.  
Қашықтан басқару құралымен элементтерді таңдаңыз.

**OSD тілі**



**Day/Time settings (Күн/уақыт параметрлері)**



**Ескертпелер:**

- Элементтер орнатылса, құралды келесі рет қосу кезінде экрандар көрсетілмейді.
- Орнатудан кейін келесі мәзірлерде элементтерді өзгертуге болады.  
OSD Language (OSD тілі)  
Day/Time settings (Күн/уақыт параметрлері)

# Негізгі бақылау құралдары



## Негізгі құрал

### Қуат индикаторы

Қуат индикаторы жанады.

- Қуат OFF -----Индикатор жанбайды (Қуат қабырға розеткасына қосулы кезде құрал әлі де кейбір қуатты тұтынады.)
- Күту -----Қызыл  
Қызғылт ("Network Control" опциясы "On" күйіне орнатылған кезде.)
- Қуат ON -----Жасыл

ДК қуат басқармасы (DPMS) және басқа кіріс қуаты басқармасы (DVI, HDMI) Қызғылт (әрбір кіріс сигналымен.)



#### ① POWER түймесі

Дисплейді қосуға немесе күту режиміне өткізуге осы түймені пайдаланыңыз.

#### ② MUTE түймесі

Аудио дыбысын ON/OFF күйіне қосыңыз.

#### ③ INPUT түймесі

- Кіріс көзін таңдау үшін осы түймені пайдаланыңыз.
- OSD мәзірі көрсетілген кезде таңдаулар жасау үшін осы түймені пайдаланыңыз.

#### ④ [+] түймесі

OSD мәзірі қосылған кезде реттеуді арттырыңыз немесе OSD мәзірі өшірілген кезде аудио шығысы деңгейін арттырыңыз.

#### ⑤ [-] түймесі

OSD мәзірі қосылған кезде реттеуді төмендетіңіз немесе OSD мәзірі өшірілген кезде аудио шығысы деңгейін төмендетіңіз.

#### ⑥ [▲] түймесі

OSD мәзірі қосулы кезінде таңдалған элементті реттеу үшін белгілеу жолағын жылжытыңыз.


#### ⑦ [▼] түймесі

OSD мәзірі қосулы кезінде таңдалған элементті төмен реттеу үшін белгілеу жолағын жылжытыңыз.

#### ⑧ MENU түймесі

OSD мәзірі қосулы кезде бастапқы мәзірге қайтарыңыз немесе OSD мәзірі өшірулі кезде OSD мәзірін белсендіріңіз.

## Қашықтан басқарылатын таратқыш



## ① [POWER ON] түймесі

Күту режимінен дисплейді қосу үшін басыңыз.

## ② [STANDBY] түймесі

Қуат қосулы режимінен күту режиміне дисплейді өшіру үшін басыңыз.

## ③ [ASPECT] түймесі

Аспектті реттеу үшін басыңыз.

## ④ [MULTI DISPLAY] түймесі

Мультидисплей функциясын қосуды немесе ажыратуды өзгерту үшін басыңыз.

## ⑤ [AUTO SETUP] түймесі

Экранның күйін/өлшемін автоматты түрде реттейді. PC немесе RGB сигналдарын қосуға мүмкіндік береді.

## ⑥ [DEFAULT] түймесі

OSD мәзірі элементін зауыттық әдепкі мәнге қайтару үшін басыңыз.

## ⑦ [RETURN] түймесі

Бастапқы экранға оралу үшін басыңыз.

## ⑧ POSITION түймелері

## ⑨ [ENTER] түймесі

Таңдаулар жасау үшін басыңыз.

## ⑩ [INPUT] түймесі

Кіріс сигналын жүйелі таңдау үшін басыңыз.

## ⑪ [RECALL] түймесі

Ағымдағы жүйе күйін көрсету үшін басыңыз.

- Кіріс белгісі
- Аспект режимі
- Өшірілген таймер (өшірілген таймер орнатылған кезде таймер индикаторы көрсетіледі)
- Сағат дисплейі

## ⑫ [MUTE] түймесі

Дыбысты өшіру үшін басыңыз.

Дыбысты қайта белсендіру үшін басыңыз.

Қуат өшірілген кезде немесе көлем өзгерген кезде дыбыс қайта белсендіріледі.

## ⑬ Көлем реттеуі

Дыбыс деңгейін арттыру немесе төмендету үшін "VOL+" немесе "VOL-" түймесін басыңыз.

## ⑭ [PICTURE] түймесі

PICTURE мәзіріне өту үшін басыңыз.

## ⑮ [SOUND] түймесі

SOUND мәзіріне өту үшін басыңыз.

## ⑯ [SETUP] түймесі


SETUP мәзіріне өту үшін басыңыз.

## ⑰ [POSITION] түймесі

POSITION мәзіріне өту үшін басыңыз.

## ⑱ [OFF TIMER] түймесі

Бекітілген кезеңнен кейін қосқышты күту режиміне алдын ала орнатуға болады. Түйме басылған сайын параметр 30, 60, 90 және 0 минутқа (болдырылмады) өзгереді.



Үш минут қалған кезде "OFF TIMER 3 MIN" жанады.

Қуат кідірісі орын алса, өшірілген таймер болдырылмайды.

## ⑲ ECO MODE (ECO)

ECO MODE орнату күйін өзгерту үшін басыңыз.

### ⑳ Сандық түймелер

Егер ID SET түймесі сандық түймелерден бұрын басылса, ол ID нөмірін орнатуға пайдаланылады.

Егер сандық түймелер бөлек басылса, FUNCTION GROUP нұсқауы көрсетіледі.

### ㉑ [FUNCTION GROUP] түймесі

FUNCTION GROUP нұсқауы мәзірін көрсету үшін басыңыз.

### ㉒ [ID SET ] түймесі

ID нөмірін төмендегі процедурамен қашықтан басқарылатын таратқышқа теңшеу үшін басыңыз.

- ID SET түймесін басыңыз.
- ID нөмірін басыңыз. Қолжетімді ID нөмірлерінің ауқымы: 0-100.

Осы түймені 3 секундтан артық басқан кезде ID нөмірі "00" күйіне орнатылады. "ID нөмірі = 00" хабары дисплейдің ID нөміріне қарамастан дисплейдің жұмыс істейтіндігін білдіреді.

### ㉓ ID MODE қосқышы

ID режимін пайдалану кезінде ON күйіне орнатыңыз.

NORMAL режимді пайдалану кезінде OFF күйіне орнатыңыз.



# Техникалық сипаттамалар

|                                |                     | TH-55LFV70W  |
|--------------------------------|---------------------|--|
| <b>Қуат көзі</b>               |                     | 220-240 ВАТ, 50/60 Гц  |
| <b>Қуат шығыны</b>             |                     |  |
|                                | Номинал қуат шығыны | 330 Вт   |
|                                | Күту күйі           | 0,5 Вт   |
|                                | Қуат өшірулі күйі   | 0 Вт   |
| <b>СКД дисплейінің тақтасы</b> |                     | 55 дюймді IPS тақтасының (СКД артқы жағыры), FULL (триггер) қатынасы   |
| <b>Экранның өлшемі</b>         |                     | 1209 мм (Е) × 680 мм (Б) × 1387 мм (диагональ)   |
|                                | (Нүктелер саны)     | 2073600 (1920 (Е) × 1080 (Б))<br>[5760 × 1080 нүкте]   |
| <b>Пайдалану жағдайы</b>       |                     |  |
|                                | Температура         | 0 ~ 40°C, 32 ~ 104°F   |
|                                | Ылғалдылық          | 10 ~ 90 % салыстырмалы ылғалдылық (конденсация жоқ)  |
| <b>Қолданбалы сигналдар</b>    |                     |  |
|                                | Түс жүйесі          | NTSC, PAL, PAL60, SECAM, NTSC 4.43, PAL M, PAL N   |
|                                | Сканерлеу форматы   | 525 (480) / 60i · 60p, 625 (575) / 50i · 50p, 750 (720) / 60p · 50p, 1125 (1080) / 60i · 60p · 50i · 50p · 24p · 25p · 30p · 24PsF   |
|                                | ДК сигналдары       | VGA, SVGA, XGA, SXGA<br>UXGA ..... (қысылған)<br>Көлденең сканерлеу жиілігі 30-110 кГц<br>Тік сканерлеу жиілігі 48-120 кГц   |
| <b>Байланыс терминалдары</b>   |                     |  |
| DIGITAL LINK LAN               |                     | RJ45 желісі және DIGITAL LINK байланыстары үшін PLink™ байланыс әдісімен үйлесімді: RJ45 100Base-TX  |
| VIDEO IN                       | VIDEO AUDIO L-R     | 1,0 КҚ (75 Ω)<br>0,5 Вокк  |
| AV IN                          | HDMI DisplayPort    | TYPE A коннекторы  |
| COMPONENT                      |                     |  |
|                                | Y                   | 1,0 КҚ (75 Ω) синхрондаумен  |
|                                | PB/CB               | 0,7 КҚ (75 Ω)  |
|                                | PR/CR               | 0,7 КҚ (75 Ω)  |
|                                | AUDIO L-R           | 0,5 Вокк   |
| DVI-D IN 1<br>DVI-D IN 2       | AUDIO               | DVI 1.0 нұсқасымен сәйкестік<br>HDCP 1.1 жүйесімен үйлесімді<br>0,5 Вокк, PC IN бірге ортақ  |
| PC IN                          | AUDIO               | 1,0 КҚ (75 Ω) синхрондаумен G<br>0,7 КҚ (75 Ω) синхрондаусыз G<br>B: 0,7 КҚ (75 Ω)<br>R: 0,7 КҚ (75 Ω)<br>HD/VD: 1,0-5,0 КҚ (жоғары кедергі)<br>0,5 Вокк, DVI-D IN бірге ортақ |
| SERIAL IN<br>SERIAL OUT        |                     | RS-232C үйлесімді  |
| AUDIO OUT                      |                     | [INPUT 1 кГц/0 дБ, 10 кΩ жүктеме]  |
| REMOTE IN<br>REMOTE OUT        |                     | M3 мини ұясы x 2   |
| <b>Өлшемдер (Е × Б × Т)</b>    |                     | 1213 мм (Е) × 684 мм (Б) × 95 мм (Т)   |
| <b>Масса (салмақ)</b>          |                     | шамамен 30 кг  |

## Ескертпелер:

- Дизайн және техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертіледі. Масса және өлшемдер шамамен көрсетілген.

## Ескі жабдықты және пайдаланылған батареяларды жинау және тастау бойынша пайдаланушылар ақпараты



Өнімдердегі, орамдағы осы таңбалар және/немесе сүйемелдеуші құжаттар электр және электрондық өнімдер мен батареялар жалпы тұрмыстық қылдықпен араластырылмауы керектігін білдіреді. Ескі жабдықтар мен пайдаланылған батареяларды дұрыс қолдану, қалпына келтіру және қайта өңдеу үшін оларды ұлттық заң мен 2002/96/ЕО және 2006/66/ЕО директиваларына сәйкес тиісті жинау бөлімдеріне апарыңыз.




Бұл өнімдер мен батареяларды дұрыс тастау арқылы құнды ресурстарды сақтауға және қалдықты дұрыс ұстамаудан туындайтын адам денсаулығы мен қоршаған ортаға келтірілетін қандай да бір ықтимал зиянды әсерлердің алдын алуға көмегіңізді тигізесіз.



Ескі өнімдер мен батареяларды жинау және қайта пайдаға жарату туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті басқару мекемелеріне немесе бұйымдарды сатып алған сату бөлімдеріне хабарласыңыз. Ұлттық заңнамаға сәйкес қалдықты дұрыс тастамау үшін жаза қолданылуы мүмкін.

### Еуропа Одағындағы іскери пайдаланушылар үшін

Егер электр және электрондық жабдықты тастағыңыз келсе, қосымша ақпарат алу үшін сатушы немесе жеткізушімен хабарласыңыз.



### [Еуропа Одағынан өзге елдердің өндірісінде пайдаланбау туралы ақпарат]

Нышандар тек Еуропа Одағында жарамды. Егер осы өнімдерді жойғыңыз келсе, жергілікті өкілеттік немесе дилеріңізге хабарласып, өндірісте пайдаланбаудың дұрыс әдісін сұраңыз.

### Батарея таңбасы бойынша ескерту (төменгі екі таңба мысалдары):

Бұл таңбаны химиялық таңбамен бірге пайдалануға болады. Бұл жағдайда ол пайдаланылатын химиялық заттарға арналған Директиваның талаптарына сәйкес келеді.

Cd

## <Осы өнімнің бағдарламалық жасақтамасы туралы ақпарат>

This product incorporates the following software:

- (1) the software developed independently by or for Panasonic Corporation,
- (2) the software owned by third party and licensed to Panasonic Corporation,
- (3) the software licensed under the GNU General Public License, Version 2.0 (GPL V2.0),
- (4) the software licensed under the GNU LESSER General Public License, Version 2.1 (LGPL V2.1), and/or
- (5) open source software other than the software licensed under the GPL V2.0 and/or LGPL V2.1.

The software categorized as (3) - (5) are distributed in the hope that it will be useful, but WITHOUT ANY WARRANTY, without even the implied warranty of MERCHANTABILITY or FITNESS FOR A PARTICULAR PURPOSE. Please refer to the detailed terms and conditions thereof shown in the attached CD-ROM

At least three (3) years from delivery of this product, Panasonic will give to any third party who contacts us at the contact information provided below, for a charge no more than our cost of physically performing source code distribution, a complete machine-readable copy of the corresponding source code covered under GPL V2.0, LGPL V2.1 or the other licenses with the obligation to do so, as well as the respective copyright notice thereof.

Contact Information: [oss-cd-request@gg.jp.panasonic.com](mailto:oss-cd-request@gg.jp.panasonic.com)

### Тұтынушының жазбасы

Осы өнімнің үлгі нөмірі мен сериялы нөмірін оның артқы панелінен табуға болады. Осы сериялы нөмірді төмендегі берілген орынға ескертпе жазыңыз, осы кітапты, онымен қоса сатып алу хабарламасын, ұрлану мен жоғалу оқиғасында жеке мәліметтерді тез іске қосу аумағы ретінде және Кепілдік қызметі үшін сатып алудың тұрақты жазбасын сақтаңыз.

Үлгі нөмірі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмір \_\_\_\_\_

Panasonic Corporation

Веб-торап: <https://panasonic.net/cns/prodisplays/>

© Panasonic Corporation 2014

2004/108/ЕС директивасының 9(2) мақаласына сәйкес

Panasonic сынау орталығы

Panasonic Service Europe, Panasonic Marketing Europe

GmbH бөлімі

Winsbergring 15, 22525 Hamburg, F.R. Германия

Қытайда басып шығарылған

TP1117TS0 -PB